

Халықаралық спорт жарыстарында жоғары көрсеткіштерге жеткені үшін төленетін бірыңғай сыйақының мөлшері мен берілу тәртібі туралы НҰСҚАУ

Құшын жойған

Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм және спорт министрлігімен бекітілген 1997 жылғы 23 сәуір. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1997 жылғы 6 наурыз N 269 тіркелді. Қолданылуы тоқтатылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен.

КЕЛІСІЛДІ:

БЕКІТЕМІН:

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрінің орынбасары

Қазақстан Республикасының
Жастар ісі, туризм және

спорт министрі

1. Қазақстан Республикасы жастар ісі, туризм және спорт министрлігі спорттық іс-шараларды өткізуге бөлінген қаржы есебінен басты халықаралық жарыстарда қол жеткен жоғары спорт нәтижелері үшін спортшыларды, жаттықтырушылар мен мамандарды марапаттайды.

2. Олимпиадалық спорт түрлері бойынша халықаралық жарыстарда жоғары көрсеткіштерге жеткен спортшыларға сыйақы төлеу мына төмендегідей мөлшерде беріледі:

Реттік саны	Іс шаралары	Алған орны және есептік көрсеткішке коэффициент бойынша сыйақы төлеу мөлшері		
		1-орын	2-орын	3-орын
1.	Әлем рекорды /дейін/	Әлем чемпионаты, К-200	К-150	К-100
2.	Әлем чемпионаты /дейін/	Әлем кубогы /финал, үлкендер / , әлем чемпионаты / жасөс. пірімдер/ /дейін/	К-100	К-75
3.	Азия рекорды /дейін/	Азия чемпионаты	К-75	К-50
4.	Азия біріншілігі /жасөспірімдер/ , Азия	К-50	К-30	К-20

кубогы финал /үлкендер/
/дейін/ К-20 К-10 К-5

Қосымша: Сыйақы көлемі коэффициентті жарыс өтіп жатқан кездегі есепті көрсеткіш мөлшеріне / / көбейту арқылы айқындалады.

3. Олимпиадалық спорт түрлеріне кірмейтін спорт жеңімпаздарына сыйақы төлеу Олимпиадалық бағдарламаға енетін спорт түрлеріне белгіленген сыйақы көлемінің 50 процент көлемінде төленеді.

4. Егер спортшы бір жарыста бірнеше жүлделі орын алған болса, сыйақы әрбір жүлделі орын мен көрсетілген рекордқа төленеді.

5. Жеке және командалық біріншілікте /бір стартта/ 1-3 орын алған спортшыларға алған орнына қарай жеке алған орны үшін толық, ал командалық есепте 0,5 коэффициент төленеді.

6. Спортшылар мен командаларды дайындаған негізгі жаттықтырушылар мен мамандарға жинақталған сыйлық қор мына төмендегідей мөлшерде бөлінеді:

- жеке өнер көрсететін жарыс бағдарламаларында спортшы сыйақысының 1,5 коэффициенті мөлшерінде;

- командалық спорт түрлері бағдарламалары және командалық ойын түрлері бойынша команда спортшылары сыйақысының 1,0 коэффициенті мөлшерінде;

Жеке жаттықтырушының, маманның сыйақы мөлшері өзі дайындаған спортшылардың сыйақысынан аспауы керек.

7. Сыйақы Қазақстан Республикасы Жастар ісі, туризм және спорт министрлігі халықтық спорт түрлері, олимпиадалық емес спорт түрлері бөлімдері, Олимпиадалық спорт түрлері Басқармасының жарыс протоколдары және соған сәйкес анықтамалар (рекордтар) негізінде төленеді.